

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
8D016- Тарих бағыты бойынша педагогтарды даярлау
(8D01601 – Тарих, 6D011400-Тарих) мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D016- Гуманитарлық пәндердің педагогтарын даярлау бағыты, (8D011601 – Тарих, 6D011400-Тарих) білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2022 жылы (01.01.2022-31.12.2022) арасында 2 отырысы өткізілді.

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

2. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

Садыкова Асем Кайратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Қырғызхан Гүлбаршын Азизқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Садыкова Асем Кайратовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы - 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында)»

Мамандық: 8D01601-Тарих (6D011400 – Тарих)

Ғылыми кеңесшілері – т.ғ.д. Сайфулмаликова С.С., п.ғ.д., профессор Исхакова Р.Р.

Қорғау 2022 жылдың 4 шілдесінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

-Архив, мерзімдік басылым деректері, ғылыми-педагогикалық әдебиеттер негізінде Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының құрылу, қалыптасу тарихы алғаш рет Қазақстан тарихнамасында аймақтық, күнделікті тарих теориясы негізінде жазылды.

-Сырдария, Жетісу облыстарының мысалында бастауыш сынып оқу орындарына кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалынды;

-Сырдария және Жетісу облыстарының мысалында кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің өңірлік ерекшелігін талдап, ғылыми баға берілді;

-Ресей империясы тарихындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын оқу орындарындағы шәкірттердің ұлттық, діни құрамына, әлеуметтік тегіне ғылыми тұрғыдан талдау жасалынды;

-Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихының Ресей империясы кезеңі мен Қазан төңкерісінен кейінгі уақыттағы ерекшеліктері салыстырылып көрсетілді;

-Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы-алғаш ғылыми айналымға түскен локальді аймаққа қатысты архив құжаттарының фактілері және оған жасалынған талдау, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округіндегі педагогикалық білімнің қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми идеяларды байытуға ықпал етеді;

ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы (2018 жыл 15 ақпан, бұйрық №636). Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, бұйрық №604), Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, №604), «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар), «Халықтың бірлігі мен жүйелі реформалар-еліміздің өркендеуінің берік негізі» атты Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (2021 жыл 1 қыркүйек).

2) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауды оқытудың әдістемесі жасалды.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде тарих ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Садыкова Асем Кайратовнаның диссертациясы бойынша:

Султанғалиева Гульмира Салимжановна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан) (мамандық шифры 07.00.02 отан тарихы);

Бисембаева Ляззат Амандыковна – философия докторы (PhD), профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан) (мамандық шифры 6D020300-Тарих).

Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері»

Мамандық: 6D011400- Тарих

Ғылыми кеңесшілері – т.ғ.к., профессор Жұмағұлов Б.С., философия докторы (PhD) Асымова Д.Б., философия докторы (PhD), профессор Южель Геллишли.

Қорғау 2022 жылдың 4 шілдесінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- электронды технологиялар арқылы пәнді оқытуда белсенділік тәсілін жүзеге асыру; өткенді зерттеудің оң мотивациясын ынталандыру;
- білім беру мазмұнын өз бетінше игеру тәжірибесін жинақтай отырып, мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекет дағдыларын игеру процесін жетілдіру;
- цифрлық технологиялар көмегімен тәрбиелік ықпал ету әдістерін жетілдіру;
- мұғалімнің жұмысын оңтайландыру.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы (2018 жыл 15 ақпан, бұйрық №636). Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, бұйрық №604), Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 жыл 31 қазан, №604), «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар), «Халықтың бірлігі мен жүйелі реформалар-еліміздің өркендеуінің берік негізі» атты Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (2021 жыл 1 қыркүйек).

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеудің нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта

даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану үшін, білім алушылардың, оқытудың цифрлық құралдарын жан-жақты меңгеруге, оны пайдалану және оқушылардың заманауи білімді меңгеру саласындағы сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ тарихшы мұғалімдерін даярлаудың оқу процесінде пайдалануға ұсынылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде тарих ғылымының салаларына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының диссертациясы бойынша:

Алгожаева Нурсулу Сеиткеримовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессор м.а., Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02, 13.00.01);

Қалиев Жабай Нұрмақұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Астана қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

| | |
|--|---|
| | 8D011601 – Тарих (6D011400- Тарих) |
| Қорғауға қабылданған диссертациялар | 2 |
| Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | - |
| Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | - |
| Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | - |
| Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие | - |

болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



(қолы аты-жөні)

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
КОЛЫ ОТДЕЛА КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
ПОДПИСЬ НАО «КазНПУ им Абая»

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



(қолы аты-жөні)

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
КОЛЫ ОТДЕЛА КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
ПОДПИСЬ НАО «КазНПУ им Абая»

« 31 » желтоқсан 2022 жыл